

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**
**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**



ЭТИКА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Тараз-2023

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕГЕН/

Тәрбие жұмыстары және «Саналы ұрпақ» бөлімі/Отдел по воспитательной работе и «Саналы ұрпақ»

2. ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ

Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор Г.Құлабекова.

3. ЕҢГІЗІЛДІ

Тәрбие жұмыстары және «Саналы ұрпақ» бөлімі

4. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗІЛДІ

2.09.2021ж.

5. ТЕКСЕРУ КЕЗЕНДІЛІГІ

3 жыл

| № | Мазмұны | Бет |
|----|--|-----|
| 1 | Жалпы Ережелер..... | 4 |
| 2 | Мақсаты мен міндеттері..... | 4 |
| 3 | Кеңес құрылымы..... | 5 |
| 4 | Кеңестің негізгі атқаратын функциялары..... | 5 |
| 5 | Этика жөніндегі кеңестің тәрагасы..... | 5 |
| 6 | Кеңестің мүшелері..... | 6 |
| 7 | Кеңестің хатшысы..... | 6 |
| 8 | Кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі..... | 6 |
| 9 | Этика жөніндегі кеңестің отырысы..... | 7 |
| 10 | Жауапкершілігі..... | 8 |
| 11 | Құрылымдық бөлімдермен өзара әрекеттестік тәртібі..... | 8 |
| 12 | А қосымшасы Келісу парагы..... | 9 |

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Этика жөніндегі Кеңес – институт қызметкерлері мен студенттерінің тәрбие істерін қарауға, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз етуге, білім беру саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға және болдырмауға, ішкі тәртіп ережелерін және университет Жарғысын бұзудың алдын алуға арналған тұрақты алқалы үйым.

1.2. Этика жөніндегі Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Зандарына және осы Ережеге сәйкес жузеге асырады. Кеңес өз қызметінде зандалық, объективтілік және әділдік қағидаттарын басшылыққа алады.

1.3. Институтта этика жөніндегі Кеңестің жұмысын ұйымдастыру Қазақстан Республикасының келесідей зандарымен:

- КР 27.07.2007 №319-III «Білім туралы» Заңымен
- КР 03.07.2014 №227-V «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес туралы» Заңымен
- КР 18.11.2015 № 410-V «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен
- КР 2010.04.29 №271-IV «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» Заңымен»
- КР 09.02.2015 № 285-V «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңымен
- КР 09.07.2004 №590-II «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» Заңымен
- КР 05.06.2014 №235-V «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Заңымен
- КР 09.06.2004 №590-II «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» Заңымен
- КР 11.10.2011 №483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңымен
- КР 22.06.2011 №477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» Заңымен
- КР 17.03.1995 №2126 «Бейбіт жинальстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңымен
- КР 25.05.2020 № 333-VI «КР бейбіт жинальстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңымен
 - институт профессор-окытушылары, қызметкерлері мен білім алушыларының академиялық адалдық Ережесімен
 - институттың Фылыми Кеңесі мәжілісімен
 - институт Жарғысымен сәйкес жүзеге асырылады.

2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

2.1. Кеңес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, оның туындау себептері мен жағдайларын және құқық бұзушылықтарды жою бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында институт қызметкерлерінде кез-келген құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік ортасын қалыптастыру негізінде құрылды.

2.2. Кеңестің міндеттері:

2.2.1. Институт қызметінде «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» КР Заңын жүзеге асыруды қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және ескерту.

2.2.2. Институт Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін бұзу, құқық бұзушылық фактілері бойынша қызметкерлер мен білім алушылардың өтініштерімен жұмыс.

2.2.3. Құқық бұзушылықтарға, институттың ішкі тәртіп ережелерін және Жарғысын бұзуға қарсы іс-қимыл мәселелерінде ЖОО ұжымының хабардар болуын қамтамасыз ету.

2.2.4. Институт әкімшілігімен және қоғамдық ұйымдарымен құқық бұзушылықтарға қарсы күресте және ұжымда кез-келген құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруда өзара іс-қимыл жасау.

2.2.5. Құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың және білім алушылардың құқықтары мен мұдделерін қорғауды қамтамасыз етудің түрлі нысандары мен әдістерін қолдану.

2.2.6. Тәртіпті ныгайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескерту, сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз ету бойынша пікірлер мен ұсыныстар әзірлеу.

2.2.7. Институтта құқық бұзушылық фактілерін анықтауға жәрдемдесу және анықталған құқық бұзушылық фактілері бойынша тәртіптік ықпал ету шараларына бастамашылық ету.

3. КЕҢЕС ҚҰРЫЛЫМЫ

3.1. Кеңестің құрамына институт ұжымының беделді мүшелері, оның ішінде қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатарынан құрылатын тәраға, оның орынбасары және Кеңес мүшелері кіреді. Мүшелердің жалпы саны тақ болуы керек.

3.2. Этика жөніндегі Кеңестің құрамына міндettі түрде профессорлар, бөлім басшылары, факультет декандары, ардагерлер кеңесінің тәрағасы кіреді.

3.3. Этика жөніндегі Кеңестің дербес құрамы белгіленген тәртіппен жыл сайын ректордың бүйрығымен бекітіледі. Институтта этика жөніндегі кеңес жұмысын ұйымдастыруға жауапты проректор кеңестің тізімдік құрамы бойынша ұсыныстар енгізеді.

4. КЕҢЕСТИҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

4.1. Оқытушылар мен білім алушылардың этикасы саласындағы ЖОО қызметінің негізгі бағыттары бойынша шешімдер қабылдау; этика бойынша институттың жоспарлары мен басқа да іс-шараларын бекіту және олардың орындалуын бақылау.

4.2. Кеңестің барлық мәселелер бойынша шешімдері жай көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылданып, олар әдеп жөніндегі Кеңестің отырысында бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

4.3. Кеңес отырыстары хаттамамен ресімделеді. Хаттамаларға әдеп жөніндегі Кеңестің тәрағасы мен хатшысы қол қояды.

4.4. Академиялық адалдықты бұзудың кез келген көтерілген мәселесін тиісті тұлға (өтініш берілген тұлға) қарауы тиіс, ол мәселені жан-жақты зерделеу және академиялық адалдықты бұзу фактілерін әділ бағалау бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауға міндettі.

4.5. Аталған Ережелердің нормаларын бұзган оқытушылар мен институт қызметкерлеріне қатысты ішкі еңбек тәртібі ережелері мен еңбек шартына сәйкес тәртіптік сипаттағы шаралар қолданылады.

5. ЭТИКА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТИҢ ТӘРАҒАСЫ

5.1. Кеңесті басқарады және осы Ережеге сәйкес оның қызметін үйлестіреді.

5.2. Кеңестің жұмыс жоспарын бекітеді және оның орындалуын бақылайды.

5.3. Құқық бұзушылық фактілері бойынша қызметкерлер мен білім алушылардың өтініштерін қарауды уақытылы қамтамасыз етеді.

5.4. Анықталған құқық бұзушылық фактілері бойынша тәртіптік ықпал ету шараларын қабылдау туралы институт ректорына уақытылы ұсыныстар енгізу.

5.5. Институт ректорына жүргізілген жұмыс туралы Кеңестің есебін жүйелі түрде ұсынады.

5.6. Тәртіпті ныгайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындауды.

- 5.7.1. Кеңес төрағасының орынбасары Кеңес басшысына этика жөніндегі Кеңестің дербес құрамын бекіту және өзгерту жөнінде ұсыныс енгізеді;
- 5.7.2. Этика жөніндегі кеңестің отырысында қаралатын нақты мәселе бойынша баяндамашыны айқындейдь;
- 5.7.4. Кеңестің төрағасы мен оның орынбасары арасында міндеттерді бөлуге сәйкес функцияларды орындаиды;
- 5.7.5. Кеңес төрағасының тапсырмасы бойынша, ол болмаған кезде Кеңес отырыстарында төрағалық етеді;
- 5.7.6. Өз құзыреті шегінде Кеңес Төрағасының басқа да тапсырмаларын орындаиды.

6. КЕҢЕС МУШЕЛЕРІ

- 6.1. Кеңестің жұмыс жоспарларына ұсыныстар енгізуге құқығы бар.
- 6.2. Кеңес жұмысына белсенді қатысуға міндетті және өз өкілеттігін басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.
- 6.3. Осы Ереженің талаптарын сактауға міндетті.
- 6.4. Этика жөніндегі Кеңестің мүшесі өзіне жүктелген функцияларды орындау кезінде бейтарап және объективті болуға тиіс.

7. КЕҢЕС ХАТШЫСЫ

- 7.1. Кеңеске берілген өтініштер мен ұсыныстарды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады.
- 7.2. Кеңес мушелері мен мүдделі тұлғаларды кеңес отырыстарының өткізілетін күні мен уақыты туралы жедел хабардар етуді қамтамасыз етеді.
- 7.3. Кеңес отырыстарының хаттамаларын ресімдеуді қамтамасыз етеді.
- 7.4. Этика жөніндегі кеңес өз құзыреті шегінде құқылы.
- 7.4.1. Кеңес отырыстарына институт әкімшілігінің өкілдерін, декандарды, кафедра менгерушілерін, профессорлық-окытушылық, оқу-көмекші персонал мен студенттерді шақыру және тыңдау.
- 7.4.2. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан қажетті материалдар мен мәліметтерді сұрату және алу.
- 7.4.3. Қызметшілерді лауазымға тағайындау және лауазымнан босату құқығы берілген лауазымды адамдарға қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша, оның ішінде тәртіптік теріс қылыштар бойынша қызметтік тергеп-тексерулер жүргізу туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.
- 7.4.4. Жоғары тұрған мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға этика жөніндегі Кеңестің ұсынымын негізсіз орындаған лауазымды адамдардың жауапкершілігін қарастыру туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

8. КЕҢЕСТИҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТАРЫУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРТІБІ

- 8.1. Кеңес өз қызметін төраға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.
- 8.2. Кеңес отырыстары айына 1 рет өткізіледі.
- 8.3. Егер оған Кеңес мушелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, отырыстар заңды деп есептеледі. Дауыстар тен болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.
- 8.4. Кеңес тәртіптік істі қабылданған күннен бастап 10 күн мерзімде карайды.

9. ЭТИКА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҚ ОТЫРЫСЫ

9.1. Егер отырысқа Этика жөніндегі кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Этика жөніндегі кеңестің мүшелері оның отырыстарына алмастыру құқығының қатысады.

Этика жөніндегі кеңестің тәрағасы болмаған кезде оның тапсырмасы бойынша Этика жөніндегі кеңес мүшелерінің бірі тәрағаның міндетін атқарады.

Бұл ретте ол болмаған кезенде тәртіптік істі қозғау, тоқтата тұру және қайта бастау жөніндегі өкілеттіктерді Агенттіктің аумақтық органы басшысының міндетін аткарушы тұлға жүзеге асырады.

9.2. Этика жөніндегі кеңестің отырысы хаттама түрінде ресімделеді, оған Этика жөніндегі кеңестің тәрағасы, мүшелері қол қояды.

9.3. Этика жөніндегі кеңестің тәрағасы қозғаған тәртіптік іс тәртіптік жазаны қолдану мерзімдерін ескере отырып, жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

9.4. тәртіптік іс уақытша тоқтатылады:

- қызметшінің еңбекке уақытша жарамсыздығы;
- қызметшінің демалыста немесе іссапарда болуы;
- қызметшіні қоғамдық міндеттерін орындау уақытында өзінің лауазымдық міндеттерін орындаудан босату;
- қызметшінің даярлауда, қайта даярлауда, біліктілігін арттыру курстарында және тағылымдамада болуы.

9.5. Отырыста қызметшінің тәртіптік жауаптылығын қарау кезінде Этика жөніндегі кеңес мынадай мәселелерді шешеді:

1) қызметкердің тәртіптік жауаптылығын қарау үшін негіз болып табылатын накты іс-әрекет (әрекетсіздік) орын алғанын-алмағанын айқынрайды;

2) бұл әрекет (әрекетсіздік) тәртіптік теріс қылыш болып табыла ма және ол заннаманың қандай нормаларын бұза отырып жасалса;

3) қызметкердің бұл теріс қылышы жасалды ма;

4) осы теріс қылышты жасауда жұмысқердің кінәсі байқала ма?;

5) қызметкерді тәртіптік жауаптылыққа тарту мерзімдерінің сақталғанын-сақталмағанын;

6) жұмысқерге жазаның қандай түрін белгілеу ұсынылатынын шешеді.

9.6. Тәртіптік істі қарау қорытындысы бойынша Этика жөніндегі кеңес мынадай шешімдердің бірін шығаруы мүмкін:

1) қызметкерге тиісті тәртіптік жаза қолдануға міндетті;

2) тәртіптік істі тоқтатуға құқылы.

Кодекстің кез келген талаптары бұзылған жағдайда қызметкерге Қазақстан Республикасының заннамасына және қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес тәртіптік жазалау шаралары және өзге де жауапкершілік шаралары қолданылатын болады.

Кодекстің барлық ережелерін штаттық қызметкерлердің; белгілі бір жұмыстарды орындауға арналған шарт бойынша жұмыс істейтін қызметкерлердің; сондай-ақ ынтымақтастық туралы халықаралық келісімдер шеңберіндегі жобаларға тартылған шетелдік әріптес қызметкерлердің орындауы міндетті болып табылады.

Институтқа жұмысқа қабылдау кезінде, сондай-ақ еңбек шартына әрбір қол кою кезінде қызметкер еңбек шартына ажырамас қосымша болып табылатын осы құжатты сақтау туралы міндеттемені оқып, қол қоюы тиіс.

10. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Кеңес құрамы кеңес отырысында қабылданған шешімдердің орындалуына жауапты болады.

Институт басшылығы білім алушылар мен қызметкерлер үшін академиялық адалдықты бұзудың алдын алу және оған жол бермеу, оның ішінде кеңес беру аркылы қолайлы жағдайлар жасайды.

Академиялық адалдық ережелерін бұзу фактісін анықтаған қызметкер, оқытушы немесе білім алушы факультет деканына немесе тікелей Этика жөніндегі кеңеске жазбаша өтініш беруі тиіс. Деканатқа жүгінген жағдайда, декан осы өтінішті Этика жөніндегі Кеңестің қарауына жібереді.

Этика жөніндегі Кеңестің отырысына процеске қатысушылардың барлығы қатысуга міндетті. Әрбір тарап факт бойынша түсініктеме беруі керек-Тараттар кінәнің немесе кінәсіздіктің дәлелі ретінде қызмет ететін барлық құжаттарға қол жеткізуге құқылы.

Этика жөніндегі кеңес тәртіптік сипаттағы (жаза) шаралар қабылдау туралы ұсынымдар шығарады. Шешім хаттамамен ресімделеді, одан үзінді білім алушыға (қызметкерге немесе оқытушыға) беріледі.

Емтихан кезінде тәртіптің сақталуына жауапкершілік оқытушыға және Комиссия мүшесіне (кезекши/прокторға) жүктеледі. Емтихан кезінде білім алушы таратынан пән алғаш рет бұзылған жағдайда, ол ауызша ескерту алады.

Факультет деканы мен кафедра менгерушісі білім алушының мінезд-құлқын факультет кеңесінің отырысында қарауға және тәртіп бұзушыға тәртіптік сипаттағы шаралар қабылдауға міндетті. Шешім факультет кеңесінің хаттамасымен ресімделеді.

Емтихан немесе бақылау іс-шаралары кезінде ережелерді бұзған университет оқытушысы немесе қызметкері белгілі бір мерзімге, онымен еңбек шарты бұзылғанға дейін емтихандарды өткізуге қатысудан (курстық, қорытынды конференцияларды қорғау және т.б.) шеттетіліу мүмкін.

11. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК ТӘРТІБІ

Этика жөніндегі кеңес инститтың барлық құрылымдық бөлімшелерімен, қоғамдық үйымдармен және институтта жұмыс істейтін басқа да кеңестермен қызметтік карым-қатынасты сақтайды.

**А қосымша/Приложение А
(міндетті/обязательно)
Келісупарағы/Лист согласования**